



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құран Кәрім. Қазақша иағына және түсінігі. Аудармашы Халифа Алтай.
2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Мұсылмандық шарты. 1993. Алматы, Қазақстан. 16 б.
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. 1997. Алматы «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми-әдеби орталығы. 5 б
4. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім шығармаларының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: «Санат», 2001. – 338 б.
5. Құдайбердиев Ш. Өлеңдер мен поэмалары. – Алматы: «Жалын», 1988. 207 б.
6. Тілеуханова А. Шәкәрім шығармаларындағы шеберлік пен таным бірлігі. – Алматы: «Сана», 1995. 175 б.
7. Ізтілеуова С. Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі. – Алматы: «Сана», 2000. 131 б.
8. Абай. Қара сөз. . Алматы, «Көшпенділер» баспасы. 2011. 95 б.

УДК 94(574)

ҚР ҰЛТТЫҚ БІРЛІК ДОКТРИНАСЫ-ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІ НЫҒАЙТУ КӨЗІ

Ахметшина Гульден Уалихановна

guldena_82@mail.ru

Тарих магистрі, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - З. Кабульдинов

Адамзат тарихында доктрина феномені ең алдымен қоғам дамуының қуатты тетігі ретінде пайда болуы субъективтік адам факторы рөлінің, прогрестің қозғалтқышы ретіндегі рухани рөлінің артуымен байланысты

Доктрина – бұл өсиеттердің, бұлжымас ережелердің жазылған немесе жазылмаған жиынтығы, ол өзінің жалпыға қол жетімді де түсінікті, өмір тәжірибесінен құйылған адами армандарымен, үміттерімен және ұмтылыстарымен адамның ішкі жан дүниесін қоғамдық даму игілігіне барынша жұмылдыруға қызмет етеді. Адамзат доктриналардың нақты бір елдегі қоғамға және тұтастай әлемге орасан зор ықпал ететіндігінің көптеген мысалдарын біледі, басқа ресурстар олардың ықпалының қуаттылығымен, рөлімен және салдарларымен теңесе алмайды. Мұның айқын дәлелі ретінде, мәселен, Конфуцийдің, Монроның және т.б. доктриналарын келтіруге болады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында Елбасы «Ассамблея бүгінде кәмелеттік кезеңге аяқ басты», - дей келе, оның алдында таяу жылдарда шешілуге тиіс бірқатар маңызды міндеттер қойды. Мұндай маңызды міндет ретінде Қазақстан қоғамының одан әрі дамуының негізгі мақсаттарын айқындайтын Ел бірлігі доктринасын дайындау туралы мәселе қойылды.[1,45 б.]

Бұл тұрғыда Доктрина бір жағынан, жинақталған тәжірибені қорыту болса, екінші қырынан алғанда, алға жылжудың, мемлекеттік саясаттың ұзақ мерзімді, орта мерзімді стратегиясын жүргізуге, елдегі бірлік пен келісімді одан әрі нығайтудың негізі болмақ.

Жалпы, Қазақстанның ұлт бірлігі Доктринасын әзірлеу және қабылдау процесі бірқатар кезеңді сәттерді айқындап берді:

Біріншіден, ол кең қоғамдық мәндегі идеологиялық құжат болып табылады;

Екіншіден, ол этносаралық қатынастардың терең қоғамдық-саяси маңызын және оларға қызығушылықтың жоғары екендігін көрсетті.

Доктринаны талқылау 2009 жылдың қарашасынан 2010 жылдың сәуіріне дейін жүрді. 500-ден аса пікірлер, ұсыныстар, ескертулер түсті, оның ішінде тек құжаттың аты бойынша

онға тарта ұсыныс болды. «Мемлекеттік тіл» қозғалысының «Қазақстан Республикасы ұлт саясатының тұжырымдамасы. 2015 жылға дейінгі міндеттер», «Ақ жол» ҚДП-ның «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған жаңа ұлт саясатының тұжырымдамасы» сияқты балама жобалар ұсынылды. ҚХА, ЭМБ, бірқатар қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың өкілдері, ғалымдар, сарапшылар кірген жұмыс тобы құрылды. Сонымен қатар қоғамдық комиссия құрылды. Доктринаның соңғы нұсқасын қоғамдық аудитория мақұлдады;

Үшіншіден, саяси шешім әзірлеу мен қабылдаудың демократиялық мәдениетінің жаңа деңгейі жасалды, өйткені демократиялық қоғамның жалпы мойындалған көрсеткіші шешімдердің тек мазмұн жағы ғана емес, оларды қабылдау рәсімі болып табылады.

Төртіншіден, қоғамда оған іштей тән толеранттылықтың жоғары әлеуеті бар, іс жүзінде оның барлық топтары әртүрлі дискуссияға қарамастан этносаралық қатынастар мәселелерін бейбіт, конструктивті түрде шешуге дайын. [2.]

Ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру адам бойындағы ашықтық, өзін-өзі ұстау сияқты мінез-құлықтарды қалыптастыруды тәрбиелеуді қарастырады. Ол басқа этностардың өмір сүру салтын, дәстүрлерін, психологиясының ерекшеліктерін зерттеуден құралады және де ұлттық құндылықтарды өзара алмасудың да мәні зор. Бұл жерде жеке адамдар деңгейіндегі әлеуметтік-психологиялық байланыстар зор рөл атқарады. Ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі әртүрлі этнос өкілдері өмір сүріп отырған ортадағы нақты өмірлік маңызды жағдаяттарды ескеруді қалыптастырады. Бұл үрдіс екіжақты сондықтан ұлтаралық қатынастарда барлық субъектілердің белсенді қатысуын қажет етеді.

Қазақстан қоғамының қазіргі жағдайы мұнда нарықтық қатынастарды, нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді, саяси жүйені демократияландыруды қамтамасыз ететін барлық алғышарттар бар екендігін көрсетеді. Яғни, қоғамның адамзаттың сыртқы әлемінің, қоршаған ортасының, қоғамның табысты дамуы үшін қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Әрбір қоғамның өмірінде жүрген жолын қайта сараптамадан өткізіп, әрі қарай қалай даму дұрыс екендігін шешетін сәт туады. Тәуелсіздікке қол жеткізілді, мемлекет тұрақталды, экономика даму үстінде. Қоғамдық таным да тамырымен түбегейлі өзгерді.

Қазіргі жағдайды сараптамадан өткізудің жаңа кезеңі келді- бұл бүгінгі қазақстан қоғамының сырт келбетінің қандай екендігін және ертең қандай болатындығын анықтайтын өзіндік идентификация немесе өзін өзі тану кезеңі.

ҚХА-ң XIV сессиясында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың нұсқауымен берілген осы контекстегі Қазақстанның ұлттық бірлігі Доктринасы мемлекеттің ұлт саясатында стратегиялық құжат болып табылып отыр.

ҚХА-ң XIV сессиясында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев Доктринаны қоғамдық талқылауға сала отырып, XV сессиясында былай деп баса көрсетті: «...біздің бәріміз үшін жаңа сапалық жағдайға көшуді білдіретін жаңа есеп нүктесі» деп түйіндеген еді.. [3]

Осы жаңа есеп нүктесін Доктрина көрсетеді. Өйткені, Доктрина феномені тарихта адамзат факторының субъективті дамуы ретінде сахна төріне шығуымен қатар қалыптасты.

Доктринаны өңдеу үрдісінде қоғамдық, саяси, ғылыми, мемлекеттік емес ұйымдардан, қоғам қайраткерлерінен, депутаттар мен азаматтардан түскен 500ден астам ұсыныс қарастырылды. Оның көп бөлігі қоғамдық сараптамадан өтіп, консенсустық маңызға ие болып, құжаттың мақұлданған нұсқасынан көрініс тапты. Талқылау үрдісі, Доктринаны қабылдау және қайта өңдеу қоғамның толеранттық мәдениетінің және саяси деңгейінің өскенін көрсететін көрсеткіш болып табылады.

Доктринаның форматы- бұл адамның ішкі әлемінің қоғамдық дамуға мейлінше үлес қосуына шақыратын құжат. Тәжірибеден байқағанымыздай, мұндай идеялардан тұратын құжаттар шоғырының әлеуметтік топқа зор ықпал еткендігін көреміз.

Кейбір елдерде идеологиялық ықпалы жағынан доктриналар басқа саяси-құқықтық қорларға теңесе алмайды. Бұған мысал ретінде, Конфуцийдің, Монроның доктриналарын айтуға болады. Сондықтан, Доктринада берілген жағдайлардың өзектілігі мен құқығы ұлттық мемлекеттерді құрудың әлемдік тарихи тәжірибесінде кездеседі. Ұлттық мемлекеттердің даму тарихында, доктрина феномені қоғамдық дамудың мықты тетігі ретінде адамзат факторының рухани және мәдениет аралық диалогтағы ролінің өсуі ретінде көрінді.

Қоғамдық талқылаудың барлық кезеңінен өткен, ел Президенті мақұлдаған Доктрина-зандық акт емес, ол елдің барлық азаматтарының идеяларын бейнелейтін жоғары деңгейдегі құжат болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының шеңберінде сілтемелік нормалар мен ережелерден тұратын материал ғана емес, кәдуілгі механизмі бар құжат қабылданды.

Бір жағынан, Доктрина билікке, ұлттық саясатты жүргізетін мемлекеттік органдарға бағытталған. Екінші жағынан, бұл құжат жеке тұлға болып табылатын Қазақстанның әрбір азаматына үнделген. Преамбулаға сәйкес Доктринаның әрі қарай алға басуы мен толықтырылуының объектісі мен субъектісі белгіленеді: «қоғам мен ұлтқа Қазақстанның Ұлттық Бірлігі Доктринасы ұсынылады».

Президент Н. Назарбаев Ассамблеяның XIV сессиясында Қазақстанның ұлттық бірлігі доктринасының жобасын жасауды тапсырған болатын. Президент XV сессияда атап көрсеткендей, оның жобасы бойынша мамандар, сарапшылар, ғалымдар көп жұмыс істеді. Оны саяси партиялардың, этномәдени орталықтардың, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен мұқият талқылау, толымды қоғамдық сараптамадан өткізу қажет.

Доктрина, бір жағынан, біздің тіпті де аз емес тәжірибеміздің қорытындылануы, ал екінші жағынан – алға ілгерілеудің, ұлт саясатын жүргізудің ұзақмерзімді және орта мерзімді стратегияларының, елдегі саяси тұрақтылықты, бірлік пен келісімді одан әрі нығайтудың берік негізі болуы тиіс. Осынау стратегиялық құжатты әзірлеу барысында Ассамблеяның практикалық жұмысына да жіті назар аударуды қажет ететін бірқатар маңызды жайттар бар.

Президент Н. Назарбаев Ассамблеяның XV сессиясында Доктринаның әдіснамалық негізі ретінде үш басты сұраққа нақты әрі түсінікті жауап беруі керек деді. Бірінші сұрақ – ұлттық бірлік дегенде біз нені түсінеміз? Бұл демек, біздің елімізде тұратын топтасқан этностық, діни және басқа әлеуметтік-мәдени топтардың қоғамдастығы болу. Осы заманғы әлемде ұлттық бірлік ортақ мемлекетті бірлесіп құру, толеранттылық, азаматтық және осы елдің мемлекеттік тілін міндетті түрде білу секілді шарттармен анықталады.

Екінші маңызды сұрақ – неге бізге ұлттық бірлікті нығайту маңызды? Мұнда біздің бәріміз біртұтас пікірдеміз. Оны бір түсінікпен білдіруге болады – бұл ел ішіндегі қауіпсіздік. Оған сыртқы қауіпсіздік байланысты. Бастысы – бұл елдің өркенді дамуы, ал осыдан барып біздің бәріміздің берекеттілігіміз шығады.

Үшінші сұрақ – ұлттық бірліктің негізі не болып табылады? Қазақстан халқының бірлігі басты үш тұғырға негізделген. Біріншіден, ол біздің ортақ тарихымыз. Оның қасіретті беттерінен қажетті сабақ ала білу маңызды. Түрлі этностардың бұрын орын алған азаптары мен ащы тағдыры болашақта қайталанбас үшін оларды әркез ескере білу керек. Иә, аштық та, қуғын-сүргін де, соғыс та, жер аударулар да болды. Бірақ бұл деректерді біз өткен уақыт пен бүгінде жоқ адамдарды бостан-босқа сынау үшін пайдаланбаймыз. Оның үстіне бұрынғы Кеңес Одағының барлық халықтары да зардап шекті. Бір кезде бізге жамандық істелгені үшін жайдан-жай біреулерге жамандық жасауға болмайды.

Екіншіден, ол барлық қазақстандық этностар үшін ортақ құндылықтар. Біз ұлан-ғайыр және қойнауы байлыққа толы жерде бірге өмір сүріп жатырмыз. Біз ол жерде

қалалар мен ауылдарды, зауыттарды, электр стансалары мен жолдарды бірге салып жатырмыз. Біз бөлшектеу мүмкін емес зор мәдени құндылықтарды да бірлесе жасап жатырмыз.

Тәуелсіздік жылдары ішінде бізде өзімізге тән тамаша дәстүрлер қалыптасты. Біз жыл сайын Рухани келісім күнін, Құрбан Айтты, Пасханы, Рождествоны бірлесіп атап өтеміз. Бұлар барлыққазақстандықтардың, ойлары ізгі және ниеттері жарқын барлық адамдардың мерекелері. Бұл халық пен елдің шынайы қуатының неде екені неғұрлым айқын көрініс беретін күндер. Осының арқасында біздің қоғамда үлкенді сыйлау, отбасына құрмет, балаларға қамқорлық, жаймашуаққонақжайлылық, тату көршілік тәрізді ізгі ортаққұндылықтар берік орнықты.

Үшінші тұғыр – ол біздің ортақ болашағымыз. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақстандықтар бірлесе отырып өз тағдырларына еркін таңдау жасады. Біздер болашақты бірігіп орнатып жатырмыз. [4,258 б.]

Одан әрі Президент ҚХА дамуының жаңа кезеңіндегі тек стратегиялық міндеттерді айқындап қана қойған жоқ, сондай-ақ этносаралық келісімнің әлеуетін нығайта түсу үшін нақты шараларды жүзеге асыруды белгілеп берді. Олар мынаған сайып келеді:

Қазақстан Президентінің-Ұлт Көшбасшысының идеясы Доктринаның өзекті негізі болып табылады, ол « Жаңа онжылдық- жаңа экономикалық өрлеу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталған Қазақстан халқына Жолдауда көрсетілген. Мұндағы, Қазақстан Республикасының басты құндылығы оның тәуелсіздігі болып табылады. Осы тәуелсіздік Қазақстан халқына өзінің даму жолын, өз болашағын құрудың стратегиясын анықтауға мүмкіндік берді. Ол көптеген қазақтардың, олардың ұрпақтарының, ата-бабаларының орындалған арманы. Тәуелсіздік- бұл халық пен елдің, қазақ мемлекетінің дәстүрінің дамуының, болашақта қазақ халқының тілін, мәдениетінің сақталуының кепілі. Елбасының айтуынша, « егер біз табысқа жеткіміз келсе, онда біздің әрқайсымыз мына принциптерді ұстануымыз қажет: Бірінші- біздің Отанымыз, ең алдымен Тәуелсіз Қазақстан!».

Ұлттық мемлекеттілікті сақтау мен дамыту «Қазақ ССР-ң мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға сүйене отырып, екі принципті жариялайды: біріншіден, қазақ халқының өзін-өзі анықтауы, ол Қазақстан мемлекетін құруға негіз болады, екіншіден, елдің барлық азаматтарының тең мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің іс-әрекетінің негізін қалайтын «қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, халықтың экономикалық әл-ауқатының артуы, қазақстандық патриотизм, мемлекет өміріндегі маңызды мәселелерді демократиялық жолмен шешу» принциптерінен тұрады, ол әрі қарай Доктринада дамытылып, аталған принциптерді нығайтуға жан-жақты жағдай жасайды.[5]

Доктрина біздің қоғамымыздың жақын арадағы онжылдыққа жоспарланған сәулеті мен даму векторының рухани координаттарын нақты белгілейді. Бұл стратегиялық құжаттың басты ерекшелігі қазақстан қоғамының іргетасын қалайтын іргелі тұжырымдамаларды терең, әрі жан-жақты сараптау болып табылады. Мұнда мынадай сұрақтарға нақты жауап беріледі: Қазақстан халқын не біріктіреді? Ұлттық бірлікті, таусылмас энергияны, пассионарлықты қалыптастырушы не?

Доктринаның Жалпы ережесінде Қазақстан Республикасы қазақ халқының жалғыз құқыққа ие, тарихи мұрагері болап табылады, ол қаншама ауыр сынақтардан аман өтіп, өзінің тәуелсіз мемлекетін құрушы деген тұжырымға баса мән берілген.

Халықтың даналығы және толеранттылық сияқты қасиеттерінің арқасында Қазақстан Республикасын мекендеуші азаматтардың консолидациясы қамтамасыз етіледі. Халық даналығы мен Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында ғана ішкі саяси тұрақтылыққа, ұлтаралық келісімге келуге қол жеткізгендігімізді

мақтанышпен айтамыз. Сонымен қатар, бірлік жаһандану жағдайында жаңа мәнге ие болып, бұл барлық азаматтардың этникалық шығу тегіне, діни наным-сенімдері мен әлеуметтік жағдайына қарамастан объективті тұрғыдан бірігуін талап етеді.

Доктрина Қазақстан халқының рухани жағдайын, оның жаңа мақсаттар мен идеяларға ұмтылысын дамытып, жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген ұлттық бірлік принципін нығайтып, «Бір ел-бір тағдыр»; «Әртүрлі шығу тегі бірдей мүмкіндіктер»; «Ұлттық рухты дамыту». Мұнда Қазақстанның ұлттық бірлігінің келесі құндылықтары мен принциптері назарға ұсынылып отыр:

Бірінші принцип- «тағдырлардың ортақтығын сезіну»- өткен шаққа да, болашаққа да бағытталған. Ең алдымен, «ортақ тағдыр» бұл біздің бірге бастан кешіргеніміз, бірге құрғанымыз және бізді алда күтіп тұрған істер. Ортақ тарих қазақстандық қоғамның ұлттық бірлігі негізі құндылығының бір бөлігін құрайды. Ортақ тарихтың маңызын аша отырып, ел Президенті Н.Ә.Назарбаев XV- сессияда «бұл қайғылы оқиғаларды жадымыздан шығармау, біздің ұлттарымыздың арасына жік салмайды, керісінше біздің достығымызды нығайта түседі»-деп айрықша атап көрсетті.[6]

«Тағдырлардың ортақтығын сезіну» тарихи мазмұнға ие.Қоғамның бірлігі, азаматтың елмен байланысы туралы ұғымдар мектептен бастап қалыптастырылады. Мұндай іргетастың берік қалануы үшін Қазақстан тарихы мектеп оқулықтарына толықтырулар енгізілуі қажет. Онда, «тағдырлардың ортақтығы» біріктіруші концепциясы объективті тұрғыдан бағаланып, орын алуы керек. Сонымен бірге, жаңа Қазақстанды құруға қомақты үлес қоспаған, бірақ оның тең құқықты азаматы болып саналатын ұлттардың да Қазақстан халқының жалпы тарихынан орын алатынына баса назар аударылады.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының XV сессиясында Президент Н.А. Назарбаев Қазақстан халқының бірлігі үш маңызды бағыттан тұратынын атап көрсетті: біріншіден, бұл біздің ортақ тарихымыз, екіншіден қазақстан ұлттарының ортақ құндылықтары және үшінші тірегіміз бұл біздің ортақ болашағымыз. Бұл әдістемелік ережелер Доктринаға терең енгізіліп, дамытылған.

Егер Доктрина «бұл – бізді жақындастырып, бір тұтасқа айналдыратын әдіс екенін» ұғынсақ, шындығында ұлтты (қоғамды) біртұтас қылатын мемлекет. Болашақта полиэтникалық жағдайымызды сақтауды одан әрі жалғастыру үшін, мемлекет әрі қарай да «Ұлт» үшін түпнұсқалы негіз болып қала береді.

Бұл тұрғыдан қарағанда, Доктрина шеңберінен шығып жатқан тәжірибелік шаралар ұлттық-консолидациялық бастама және қоғамның қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті сақтау жауапкершілігінде мемлекет факторын баса көрсетуге ұмтылуды қамтамасыз етеді.

Ұлттық бірлік- бұл кең мағынадағы азаматтық келісім, мәдени және саяси құндылықтардың ортақтығы, ел тағдырына деген ортақ жауапкершілік, әртүрлі әлеуметтік топтардың арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу, ортақ болашақ.

«Ұлттық бірліктің» екінші негізгі принципі бұл- « барлық азаматтардың мүмкіндігінің теңдігі». Негізінен, бұл принцип жаңа болып саналмайды, ол дәстүрлі ұлттық-мемлекеттік құрылыста, конституциялық құқықтық нормаларда, ұлттық стандарттарда , халықтың ділінде кездесетін фактор.

Сонымен бірге, мұнда әртүрлі шығу тегі ғана емес, әлеуметтік шығу тегі(туған жері, әл-ауқаты,т.б.) туралы да сөз болып отыр.

Берілген жағдайда Доктрина тең мүмкіндіктерді қоғамның жоғары құндылығы ретінде қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндағы «мүмкіндіктердің теңдігі» сонымен бірге, «өз мәдениетінді, салт-дәстүрінді, тілінді дамыту құқығы және мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласында танылуың» дегенді де білдіреді.

Тек, Доктрина ғана ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның қалыптасу үрдісінің даму маңыздылығы деген сұраққа жауап береді. Мұндай басты ерекшеліктердің

бірі негіз қалаушы принцип, ол ұлттық-мемлекеттік ерекшеліктің негізіне жататын, «көптүрліліктегі бірлік» принципі, ол Қазақстан халқын құрайтын жаңа қоғамға табиғи интеграция жолымен енген Қазақстанды мекендеуші әрбір ұлттың өзінің қайталанбас кескінін, тұрмыс салтын сақтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, «көптүрліліктегі бірлік» біздің ортақ жетістігімізге, ал ұлттар арасындағы келісім Қазақстанның белгісіне, табысты әлеуметтік-экономикалық дамуының кепіліне айналды.

Тек, әртүрлілік қана тұрақты бірліктің, өзара қызығушылық пен мәдениет пен өркениеттердің жақындасуының таптырмас алғышарты. Әртүрлілік бұл өсу, әртүрлілік бұл жаһандық әлемдегі біздің басты ерекшелігіміз. Бірлік мәдени образдардың әртүрлілігінде ұлтаралық және мәдениетаралық интеграцияның құралы ретінде мәдениетаралық диалогты қалыптастырып, гүлдендіруде әрқайсының қуатты болып өмір сүруі үшін өз күшін аямайды.

Доктрина «мәдениетаралық диалогтың әмбебап институты» деп жариялаған Қазақстан халықтарының Ассамблеясы өз халқының мәдени және рухани дәстүрлерінің сақталуына үлес қосатын, ұлттық әл-ауқаттың бөлігі ретінде ұсынылды. Тәжірибеден байқағанымыздай, қазіргі таңда бұл мемлекет пен қоғамның қолдауына ие болған белсенді механизм.

Доктрина мықты идеялық іргетас болуы қажет, соның көмегімен ел азаматтары бәріне ортақ ұлттық-мемлекеттік ерекшелікті қалыптастырады. Мемлекеттік деңгейде ерекшелік елдің тағдыры мен дамуына жауапкершілік, бір әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси кеңістікті қалыптастыруға негіз болатын ұлттың табысқа ұмтылуының сипаттары жиынтығына байланысты.

Бірлік- бұл этникалық қоғамдардың бір мемлекет құрамында өмір сүру тұтастығы, Қазақстан Республикасы азаматтарының құндылықтар мен идеалдар жүйесінде өзіндік даму ерекшелігінің жоғары деңгейі.

Қазақстанның этникалық құрамды саясаты- бұл мемлекеттің, қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің басты факторы. Сонымен бірге, орта таптың қалыптасуына бағыттау- бұл Қазақстанның ұлттық бірлігін нығайтудың әлеуметтік базасын күшейтуге бағытталған тұтас шаралар жүйесін құрудың негізі. Жекеменшіктің еркін дамуына жағдай жасау Доктринадағы орта тапты азаматтық қоғамның тұрақтылығының негізі ретінде қалыптастыру қажеттілігі жайлы ережемен бекітіледі. Мұндай жаһандық мәселелер өте маңызды, ол мемлекеттік деңгейдегі басқа да құжаттармен бекітілу керек. Бұл «Бизнестің жол картасы», сол сияқты басқа да қоғамдық маңызды жобаларға қатысты. Ал олардың барлығының бірігуінен белсенділігі артады. Бірақ, бұған уақыт керек екендігін ұмытпаған жөн.

Біздің мемлекетіміздің Елбасы жариялаған «көптүрліліктегі бірлік» принципі біздің көпұлттық, көпконфессиялық және әртүрлі әлеуметтік параметрлерін біздің байлығымызға, қоғамның қисапсыз энергиясының қайнар көзіне айналдырады. Доктринаның бұл ережесі модернизация жағдайындағы полиэтникалық қауымдастықтар үшін әмбебап сипатқа ие.

Үшінші принцип- «ұлттық рухты дамыту», «Ұлт рухы біріктіруші, нығайтушы бастама ретінде».

«Идеалды», «рухани» факторлардың маңызын мойындай отырып, полиэтникалық, көпконфессиялы елде «Ұлтты» тек рух қана емес, мемлекет те біріктіретінін естен шығармау қажет.

Қазақстан ғасырлар бойы көпұлтты мемлекет болғандықтан, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайтудың міндеті- жүзеге асатын реформаларды табысты түрде дамыту. Президент Н.Ә.Назарбаев көрсеткендей, «біздің басты сызығымыз барлық ұлттық топтардың дамуы өзара келісімге келу жолдары мен біріктіруші бастаманы бекітуге негізделеді». [7]. Және бұл аксиома Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарына еніп, стратегиялық маңызды құжат –Қазақстанның ұлттық бірлігі Доктринасының негізін құраушы бөлігіне айналды. Онда былай айтылған: «Егер

мемлекеттің қалыптасу кезеңінде негізгі міндет- ұлтаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің негізіндегі қоғамның консолидациясы болса, онда елдің дамуының жаңа кезеңінде барлық азаматтарға ортақ құндылықтар мен принциптер жүйесіне негізделген ұлттық бірліктің жетістігі стратегиялық басымдылыққа ие болады. Оның қажеттілігі өмірдің талабынан, тарих логикасы мен ортақ тағдырдан туындаған. Өйткені, бірліксіз Ұлт жоқ. Ұлтсыз мемлекет жоқ. Мемлекетсіз болашақ жоқ».[8, 149]

Доктринада ұлттық бірлік деген ұғымға қазіргі заман тұрғысынан нақты түсінік беріледі, яғни кеңестік тұрғыдан қарастыру емес, этностар мен мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен көптүрлілігінің бірлігі, бұл өз кезегінде ұлтаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық даму моделінің басты ерекшелігі екендігін айқындайды.

Доктринаның үшінші тарауы идеологиялық тұрғыдан неғұрлым жаңашыл, инновациялық сілкініс жасағандығын атап өту қажет. Тұңғыш рет, мұндай деңгейдегі отандық идеологиялық құжатта «ұлттық рух», «халық рухы», «ұлт рухы» деген сияқты ұғымдар көрініс тапқан. Бұл мемлекеттің ұлт саясатын жаңа идеологиялық деңгейде қамтамасыз етуге, руханилықтың қалыптасуы мен дамуына бетбұрыс жасататын белгілі құбылыс. Қоғам өмірінде ұлттық рух маңызды роль атқарады, онсыз күшті экономиканы құрып, үлкен жетістіктерге жете алмаймыз.

Ұлттық Рухты көтеру үшін салт-дәстүр мен патриотизм, жаңару, күрес және жеңіс рухы басты басымдылыққа айналуы керек. Бұл жерде сонымен бірге, салт-дәстүрлер мен патриотизм және күрес епн жеңістің либералды-нарықтық, жеке категориялары алғаш рет жинақталған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы Қазақстан халқына «Қазақстанның әлемдегі бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Жолдауынан бастап, қоғамдық танымға бәсекелестікке қабілетті идеологемдер, күрес пен жеңіс белсенді түрде енгізілуде. «Бәсекелестікке қабілеттілік пен модернизация салт-дәстүрге сүйену арқылы ХХІ ғасырдағы біздің ұлттық рухымызды көтерудің негізі екендігін Доктрина тағы да баса көрсетеді. Бізге Ұлт потенциалын оятатын интеллектуалдық сілкініс өте қажет. ХХІ ғасырда тек интеллектуалды ұлт қана табысқа жете алады».

Доктринаның логикалық өзегі: біздің негізгі байлығымыз - Тәуелсіз Қазақстан, ол бізге ата-бабамыздың қанымен жуылып келген Тәуелсіздік Қазақстан Отаным деп санайтындар үшін біздің міндетіміз этникалық шығу тегіне қарамастан бірлігімізді сақтап, оны келер ұрпаққа мұра етіп қалдыру. Доктринаның мәні ұлтты ұйыстыру факторына айналу. Себебі, онда этностық топтардың әрқырлы мүдделері есепке алынған. Сондықтан доктрина Қазақстанның ұлттық бірлігін одан әрі нығайтуға бағытталған заңдық, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мемлекеттік-басқарудың тұтас жүйесін қалыптастырудың базисіне айналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Халқы Ассамблеясы. 20 жылдық тарих. Астана, 2015.
2. Қазақстанның ел бірлігі доктринасы // <http://inform.kz/kaz/article/2263392>
3. 2011-2014 жылдарға арналған Қазақстанның ел бірлігі доктринасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №576 қаулысы.
4. Н.Назарбаев: бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы // Тоғжанов Е.Л., Әбдәкімов Ә.Ә., Калашникова Н.П. және басқалар. - Астана: «Ақарман-медиа», 2010.
5. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар 2014 жыл // URL: <http://www.akorda.kz>.
6. Қазақстан Халқы Ассамблеясының Даму тұжырымдамасы (2020 жылға дейін) // <http://www.assambly.kz>.

7. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті» Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі. 18.04.2014//www. akorda.kz.

УДК 94(574)

Ж.САДУАҚАСОВТЫҢ ЗАҢ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Ахметшина Гульден Уалихановна

guldena_82@mail.ru

Тарих магистрі, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - З. Кабульдинов

Зиялы қауым өкілі Жанайдар Садуақасов (1898-1938 жж) Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына зор еңбек сіңірген мемлекет және қоғам қайраткері, саяси репрессияның жазықсыз құрбаны. Ж.Садуақасов 1928 жылдың 17 қаңтарынан 1929 жылдың желтоқсан айына дейін Әділет Халық Комиссары (әрі қарай - ӘХК) және Республика Прокуроры болып қызмет атқарды. Осы жауапты қызметті атқару барысында Қазақстанда заңдылықты нығайтуға, заң кадрларын тәрбиелеуге, халық мүддесіне қажетті заң баптарын енгізуге үлес қосты. Ол өз заманының құқық саласындағы жаңашыл, ізденімпаз реформаторы болды. Мемлекеттік заңдылықты сақтау жолында аянбай еңбек етті. Ж.Садуақасов ең алдымен, прокуратураның жергілікті әкімшілік органдарға тәуелділігі – орган жұмысына едәуір кедергі келтіретіндігіне назар аударды. Прокуратураны жергілікті әкімшілік органдарға тәуелділіктен құтқарғысы келіп, жоғарғы органдардан көмек сұрады. Прокуратураны қаржыландыруды жергілікті бюджетке көшіру оны әкімшіліктің айтқанынан аса алмайтын органға айналдырады деп есептеді. Әділ шешімге келуге шақырып, Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесіне (әрі қарай - ХКК), өлкелік партия комитетіне, Қазақ Атқару Комитетіне, сондай-ақ Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының (әрі қарай - РКФСР) орталық органдарына хат жолдады. «Прокуратураның жергілікті бюджеттен қаржыландырылуы,- деді Ж.Садуақасов,- әкімшіліктің оны әміршіл құқықтармен басқаруына мүмкіндік береді. Прокуратура- тек заңның бұзылуын тіркеумен, ұсыныстар енгізумен шектелуге мәжбүр. Әсіресе, бұл құбылыс байлардың мүліктерін тәркілеу мен жер аударудан айқын көрініс береді» [1].

1928 жылы 12 наурызда өлкелік партия комитетінің бюро отырысында Ф.И.Голощекин тәркілеу Декреті туралы баяндамасымен сөз сөйлеп, онда бұл декреттің жобасын жасау барысында коммунистердің екі міндетті есте сақтау керектігі туралы айтты: 1. мүлкі тәркіленген байлар міндетті жер аударуға жатады; 2. тәркілеу процесін 2 ай ішінде аяқтау қажет [1,3].

Жоғарыда аталған жобаны қайта қарауға Ф.И.Голощекин құрамына Ж.Садуақасов, Н.Нұрмақов, М.Тәтімов, И.Каширин, Ғ.Тоғжанов, Ұ.Құлымбетов енген жаңа комиссия құрды. Оның жұмыс жасауына бір күн берілді. Осылайша, 14 наурызда өлкелік партия комитетінің кезекті бюросы шақыртылып, онда Ж.Садуақасов декреттің жаңа жобасын жариялады. Онда байлардан тәркіленген малдарды кедейлерге үлестіріп беру және ауқатты коммунистерден «артығын» алу туралы шешім қабылданды [2].

Алайда, Қазақстан тұрғындарының атынан И.В.Сталиннің, М.И.Калининнің аттарына келіп түскен хаттар бұл процестің ресми құжаттардың пайда болуынан бұрын басталғандығын көрсетеді. Қалыптасқан жағдайды анықтау үшін Орталықтан Киселев бастаған комиссия келді. Бұл туралы «Правда Востока» газеті былай деп жазды: «В некоторых местах Казахстана применялись незаконные меры и репрессии в связи с выявлением скрытых объектов обложения; при этом за нарушение существующих законов